

№13 Дәріс. Саясат философиядағы еркіндік мәселесі

Дәрістің мақсаты: Саяси еркіндік мәселесі негізгі мүмкіндіктерімен оның ішкі логикасын студенттерге жан жақты түсіндіру.

Дәріс жоспары

1. Саяси философиядағы еркіндік ұғымы
2. Еркіндік пен жауапкершілік мәні
3. Философия тарихында еркіндік мәселесінің қарастырылуы

Ең әуелі «еркіндік» ұғымының мағынасын қысқаша таразылап көрсек. «Еркіндік» көп мағыналы және тиянақсыздау ұғым болып көрінгенімен, ол қоғамның бүкіл құрылымына айтарлықтай әсер ететін нақты құбылыс. Осыған дейінгі тарихи тәжірибе еркіндіктің ешнәрсемен ауыстыруға келмейтін құндылық екенін, адам мінезінің болмыстық ерекшелігі екенін және адам өмірінің онтологиялық түп-тамыры екенін көрсетіп отыр. С.Л. Франк айтқандай, «еркіндіктен бас тарту ол рухани түрде өзін-өзі өлтірумен тең және басқа адамның бостандығына қол сұғу оны өлтіргенмен, яғни оның бойында «Құдайдың бейне-болмысын» жойып оны хайуанға айналдырғанмен барабар».

Алайда бостандықтың жай ғана бостандық үшін болмайтынын және абстракты бостандық болмайтынын есепке алу керек. Оның табиғатын және кәдеге асырылуын анықтап алу, адам болмысы мен тірлігі, оның өмірінің мағынасы, қоғамдағы ролі мен орны, еркіндіктің шегі мен жауапкершіліктің арасалмағы туралы және басқа да қат-қабат мәселелердің бетін ашады. Дегенмен біз бастан кешіріп жатқан ғаламдық деңгейдегі өзгерістер және соның төңірегінде өрбіген пікірталастар мен талқылаулар аясында, жедел және кең ауқымды бостандық туралы талаптар қою, оның көп қырлығына, көп бейнелігіне, бір мағыналы еместігіне, қарама-қайшылығына, көптеген қоғамдық-саяси құбылыстармен, құрылымдармен байланысына және де бедел, билік, теңдік, әділдік, жауапкершілік, өнегелік сияқты құрылымдармен сабақтастығына көлеңке түсіреді.

Әрине, бір тарау қаншалықты үлкен болмасын, онда бұл күрделі және көп қырлы проблеманың ең маңызды деген астарларына үңіліп оған тезисті түрде анықтама беру мүмкін емес. Менің қарастырып отырғаным-саяси әлем және саяси философия тұрғысында осы ұғымның не екендігіне көз жүгірту мәселелері ғана.

Бостандық - бұл әлеуметтік категория. Біз қоғамнан тыс бостандық туралы айта алмаймыз, өйткені ол адамдардың өзара қарым-қатынастары жүйесінде ғана іске асырылады. Бостандық ұғымы мен оны пайдалану хақында жалпыға бірдей сипаттамалар бар. Дегенмен, бостандық әр қоғамда басымдыққа ие ұлттық-мәдени, тарихи, діни қағидалар, ережелер мен құндылықтарға тәуелді болады. Мәселен Батыста әрбір жеке тұлғаның хұқтары мен еркіндігі басты назарда болса, Шығыста топтың, этностың,

халықтың, ұлттың, яғни жалпы ұжымның хұқтары мен еркіндігіне басымдық беріліп қарастырылады. Сонымен бір мезетте бостандық бұл тарихи категория, өйткені ол туралы қазіргі түсінік ұзақ тарихи даму процесінде қалыптасқан. Расында, бұл ұғым турасында алғашқы қауымдық кұрлыста я болмаса ежелгі грек полисінде өмір сүрген адамның көзқарасы мен қазіргі заманғы америкалықтың, француздың немесе орыстың түсінігі әр өзге.

1. Еркіндік — адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Адамдар өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша таңдап алуға ерікті емес, алайда олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие.

Ғылыми-техникалық ілгерілеу әрбір адамға, әлеуметтік топқа, тұтас ұлтқа қызмет ете отырып, олардың табиғаттың объективті заңдарын игеруіне, іс жүзінде қолдануына жәрдемдеседі. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады. Оның әлеуметтік кедергілерге қарсы күресі, жалпы алғанда, қоғамның алға басуының қуатты қозғаушы күші болып табылады.

Адамдардың дүниедегі объективті жағдайды таңдау еркіндігі болмағанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктері қатарынан неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. Бірақ, бұл қоғамдағы жалпы объективті жағдай мен мүмкіндікке, субъектілердің (жеке адамның, әлеум. топтың, этникалық топтың) жаратылыс заңдары мен қоғам заңдылықтарын игеру қабілетіне және басқаларына байланысты.

Әлемдік философияда еркіндік туралы бір-біріне қайшы көзқарастар қалыптасқан. Гегель еркіндікті субъективті рухпен, Фейербах адамның өзінің ерекшелігімен байланыстырса, дін оны адамдардың құдайға құлшылық етуімен, экзистенциалистер адамның психикалық актілерімен байланыстыра қарастырады. К.Маркс еркіндік мәселесін қажеттілікті және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланысты түсіндіреді.

Ф.Энгельс өзінің «Анти-Дюринг» атты еңбегінде еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше, ол адамның жаратылыс күштеріне, қоғамдық қарымқатынастарға және өз болмысына үстемдігі дейді.

Еркіндік — нақты және салыстырмалы ұғым. Мысалы, адам әр түрлі жағдайларға байланысты еркін болады немесе одан мүлдем айырылады. Ол өмірдің бір саласында өзін еркін сезінгенімен, өзге бір салада оған жете алмауы да мүмкін. Сол секілді жеке адамның және ұлттың еркіндік дәрежесі де әр түрлі. Мұның өзі қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуына да тікелей қатысты. Сонымен қатар ол әлеуметтік, этникалық топтардың, жекелеген адамдардың еркіндігін анықтайтын қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымына да тәуелді. Міне, сондықтан еркіндік мәселесін саясаттану жағынан алып қарайтындар оны азаматтардың және тұтас бір ұлттың қоғамдық құрылым мен басқару түрін таңдауы деп түсіндіреді. Экономика саласында еркін базар, еркін бәсекелестік принциптері негізінде өндіргіш күштер дамидыны, адамдардың еркіндік аясы кеңейе түсетіні рас. Әр адамның, әр ұлттың

еркіндік дәрежесін олардың табысы мен меншігінің көлемі ғана емес, сонымен бірге олардың материалдық және рухани игіліктерді өздерінің таңдауы мен орынды жұмсай алу мүмкіндігі анықтайды.

Саясатта еркіндік мәселесі ұлттың құқықтық мемлекет құру идеясымен байланысты. Кез келген қоғамдағы жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесі, ең алдымен, билік жүйесіне, оның түрлеріне (деспоттық, либералдық-демокр., т.б.) байланысты болып келеді.

2. Жауапкершілік пен еркіндік өмірлік маңызды экзистенциалдық категориялар ретінде философия тарихында діни, этикалық, заңдық, тарихи тұрғыда әр қырынан қарастырылып келді. Бұл философиялық ұғымдар адам тіршілігінің маңыздылығын сипаттайды. Еркіндік пен жауапкершілік бақылау, сараптама, тәжірибе жасау нәтижесінде адам білімінің артуына көмектеседі.

Философиялық сөздікте де жауапкершілік пен еркіндік өзінше анықталып жүр. Анықтамасы бойынша: «Жауапкершілік – этика және құқық саласымен байланысқан, ерекше, әлеуметтік және моралді, құқықтық тұлғаның қоғамға, адамзатқа қатынасын білдіреді, ол өнегелік парыз атқарумен сипатталына-ды».

Анықтамада көрсетілгендей, шындығында, қазіргі кезде жауапкершілік этика мен құқық саласында ең көп қолданыс тапқан, өнегелік парыз сезімімен байланысқан. Дегенмен, бұл анықтаманы толық, жанжақты деп айту қиын, себебі, адам онтологиясының осы мәселеге қатысты келесі маңызды көрінісі – еркіндікпен байланыссыз қарастырған. Жауапкершілік – еркіндіктің керісінше жағы, оның екінші «мені», ол еркіндікпен үздіксіз байланысқан, еркіндіктің имманентті шектеушісі болып табылады.

3. Әлемдік философияда еркіндік мәселесі көне грек ойшылдарының идеяларында көрініс тапты. Қоғамда адамдардың еркін және еркіндігі жоқтарға бөлінуіне байланысты еркіндік антика философиясында мәселе ретінде қойыла бастады. Бұл мәселені алғаш философия тарихында Сократ көтерген болатын. Әрі қарай өрбіткендер Платон, Эпикур, стоиктер және т.б. болды. Орта ғасырларда болса, ерік бостандығы ретінде философия мен теологияда еркіндік мәселесін шешуге талпыныстар жасалынды.

Бұл әсіресе христиан дінінің үстемдік етуімен байланысты. Ондағы негізгі идея адамның «күнә мен күнәдан құтылу» жолдарын таңдауы болды. Бұл мәселеде философтар ғана емес теологтар да бір шешімге келген жоқ. Соңында екі негізгі бағыттағылар арасында күрес басталды. Еркіндіктің алдын ала Құдаймен анықталып қойылатындығын жақтаушылардың ең көрнекті өкілі Августин болды. Орта ғасырдағы ұлы христиан ойшылы ақыл мен еріктің айырмашылығын адамның Құдай алдындағы күнәарлығы еріктің алғашқы көрсетілген түзу жолдан тайқуынан көреді.

Екінші бағытқа ерік бостандығын дәріптеуші Фома Аквинскийдің ілімін жатқызуға болады. Ал қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары еркіндікті адамның кедергісіз жан-жақты даму ретінде түсіне отырып, оны жоғарғы адамдық құндылықтық деңгейіне көтерді. Мұндай түсінік Дж.Бруно, Пико делла Мирандола, М.Монтень еңбектерінде байқалады.

Жаңа Заманда капитализмнің орнығуымен еркіндік өзекті мәселеге айналды. Еркіндік мәселесі жайында Декарт пен Спиноза, Гоббс пен Руссо, Локк пен Юм сияқты ойшылдар өз көзқарастарын қалыптастырған болатын.

Осы ойшылдардың ізденістерінің өзіндік бір қорытындысындай және батыстық мәдениеттегі еркіндік мәселесін шешуде өзіндік үлгі қалыптастырған неміс классикалық философиясы деуімізге болады. Неміс классикалық философиясының өкілдері И.Кант, Г.В.Ф.Гегель, Л.Фейербах, И.Г.Фихте, В.И.Шеллинг еркіндік мәселесін ерекше деңгейге көтере отырып, оны онтологиялық, этикалық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастырды.

Еркіндік мәселесін диалектикалық материализм тұрғысынан қарастыру Ф.Энгельстің шығармашылығымен байланысты. Ал кеңестік философияда еркіндік көбінесе тек қажеттілікпен байланысты қарастырылды. Қазақ халқының дүниетанымында еркіндік болмыстың іргетасы ретінде қарастырылады. Адам мен әлемнің қатынасы контекстінде еркіндік мәселесі адамның табиғаттың ажырамайтын бөлігі ретінде қарастырылуынан туындайды.

4. Абай халқымыздың ұлы ұстазы, тәлімгер педагогі. Оның өлеңдері мен қара сөздерінің ең басты объектісі — адам, басты мақсаты — адам тәрбиесі. Ғалым Мекемтас Мырзахметовтің зерттеуінше, адам болғанда да «өзі үшін оттаған хайуанның» бірі емес, адамдар үшін еңбек ететін, «ақыл, қайрат, нұрлы жүректі тең ұстайтын» жан – жақты жетілген адам.

Абайша айтқанда, «толық адам». Ал «толық адам», «жетілген адам» дегендердің мағынасы – терең философиялық ұғымдар. Абайдың мұраты – адамды адамгершілік, кісілік жағынан жетілдіру арқылы қоғамды жетілдіру, қазақ қоғамын ілгері дамыған мәдениетті елдер қатарына қосу. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, адам атына терең мән беріп, жоғары талап қойған Абай өз шығармаларында адамның жаратылысы мен өсіп-жетілуін, адам болу жолы мен адамдықтан шығатын жаман істерді атап көрсетеді.

«Толық адам» бейнесін көрсететін, дәлірек жеткізетін басты өлеңдерінің бірі – «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңі. Абайдың 1898 жылы жазған өлеңдерінің бірі. Тақырыбы: Ақыл, қайрат, жүрек бірлігі. Идеясы: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» адам ғана «толық адам» бола алады. «Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек».

Бұл жерде жүрек –қағылез, сергек сезімде, ал қайрат –байсалды сабырлық пен табанды төзімділікті тудыратын қасиет. Тәрбиелілігі: Қазіргі кезде біреу жүрекке бағынса, біреуі ақылға бағынса, біреуі қайраттың жетегінде кетеді. Ақыл, қайрат, жүрек бірлігі ғана адамды «толық» етеді. Ақын бұл өлеңінде ақылды бәрінен бұрын қойған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010

2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
- 19.Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия